

ПРОТОКОЛ №14
дезинфекциялық заттарды баға ұсынысын
сұрату тәсілімен сатып алу туралы.

28.06.2019жыл

Төле би ауылы

1. Ұйымдастырушы, Шу ауданының Төле би ауылындағы Алтынсарин бұрылысының №1 мекен-жайында орналасқан «Шу аудандық орталық аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны 3000 дана ЭКГ аппаратының электродын баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырды.

2. Бұл тәсілдің қолданылуының негізі: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 30.10.2009 жылғы №1729 санды қаулысымен бекітілген «Кепілдік берілген тегін медициналық көмек көрсетуге қажетті дәрі-дәрмектерді, профилактикалық препараттарды, медицина қажеттілігіне арналған заттарды, медициналық техникаларды фармацевтикалық қызметті көрсетуді және міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуді сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу Ережесінің 103 пункті, яғни сатып алынатын тауарлардың жалпы құны төменгі есептік көрсеткіштің 2000 еселік көлемінен аспайды.

3. Тауар жеткізілуге тиіс жер, яғни тапсырым берушінің мекен-жайы: Жамбыл облысы, Шу ауданы, Төле би ауылы, Алтынсарин қалтарысы, №1.


4. Тауар тапсырым берушінің мекен-жайына тапсырым берушінің жазбаша тапсырымына сай жеткізіліп отырады.

5. Баға ұсынысын өткізгендер: Аталған заттар бойынша бір ғана әлеуетті орындушыдан баға ұсынысы түсіп отыр, яғни «Диас-98» ЖШС-гі 3000 дана ЭКГ аппаратының электродына жалпы 177 000 теңге баға ұсынысын өткізіп отыр.

6. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы аталған Ереженің 112 пунктін сүйене отырып,




ШЕШІМ ЕТТІ:

Жоғарыда көрсетілген 3000 дана ЭКГ аппаратының электроды жалпы 177 000 (жүз жетпіс жеті мың) теңгеге баға ұсынысын сұрату тәсілімен «Диас-98» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен сатып алынсын.

Шу аудандық орталық ауруханасы бойынша мемлекеттік сатып алу комиссиясының төрайымы  Искандарова М.Ш.

Комиссия мүшелері



 Кененбаева Г.
 Бахтымбетова Ә.
 Б.Бексултанов